

Ауданның ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 26 қазандағы N 150 шешімі. Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қарашада N 3-12-105 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 қарашадағы № 74 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2012.11.29 № 74 Шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек **б е р і л с і н .**

2. Әлеуметтік көмек 10000 теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
О.Самұратов

Аудандық мәслихат
хатшысы

Д.Молдашев